

Әкімдіктің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 288 "Кәсіпкерлік қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 115 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 сәуірде № 5575 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 482 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 16.11.2015 № 482 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 « Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, қолданыстағы заңнамаға сәйкестікке келтіру мақсатында Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 288 « Кәсіпкерлік қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4962 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 тамызда «Қостанай таңы» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-тармағының 1), 3), 4), 5)тармақшалары
а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов